

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы "Азаматтардың "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне кіруінің кейбір мәселелері туралы" № 151 және "Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" № 152 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 16 тамыздағы № 119 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Азаматтардың "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне кіруінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 151 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 521-кұжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарында:

15-1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімімен айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының мәртебесінде, не А-2, В-2, С-1, D-2, D-O-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдар комитеттері төрағаларының орынбасарларынан, орталық мемлекеттік органдардың департамент басшыларынан төмен емес лауазымдарда, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық органдары мен бөлімшелерінің басшыларынан төмен емес лауазымдарда, не облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдерінің аппараттарының құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының лауазымдарында кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі;"

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне іріктеу қағидаларында:

4-1-тармақтың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

""А" корпусының бірінші санатының лауазымдары үшін – осы мемлекеттік органның орталық аппаратының В-1 санатындағы лауазымдар, осы мемлекеттік органның орталық аппараты департаментінің директоры, осы мемлекеттік органның

облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ бірінші санат лауазымдарының орынбасары лауазымдары;" .

2. "Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 72-73-74, 534-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізбей ауысу тәртібімен орналасу қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары аппараттарының және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, сондай-ақ аталған мемлекеттік органдардан басқа мемлекеттік органдарға;" .

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев